Жосалы кенті жергілікті қоғамдастық жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Жосалы кенті **№1** **10 қаңтар 2025 жыл**

Өткізілген орыны: Жосалы кенті әкімінің аппараты КММ мәжіліс залы

Өткізілген уақыты: **сағат: 10.00**
Жиналысқа қоғамдастық жиналысының 25 мүшесі қатысты.

«Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы №148 Заңының 39-3-бабының 10-тармағына сәйкес, жиналысты Жосалы кентінің әкімі А.Дөсмуратов ашып, жиналыстың кезекті төрағасы мен хатшысын сайлауды ұсынды.

Жиналыстың төрағасына Ұзақбаев Ерболатты, хатшысына Әбдірахманов Рысбекті ұсынды.

Ұсынысқа қарсы-қалыс жоқ, ұсыныс қабылданды.

Жиналыс төрағасы - Е.Ұзақбаев

Хатшысы – Р.Әбдірахманов болып бірауыздан сайланды.

Бұдан әрі жиналысты төраға жүргізіп отырды.

Жиналыс төрағасы Е.Ұзақбаев жиналыстың күн тәртібімен таныстырды

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жосалы кенті әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 4-ші деңгейлі бюджетін оңтайлы әрі мақсатты жұмсау үшін 4000 АЕК-ке дейінгі суммадағы жұмыстарды бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы игеруге қоғамдастық өкілдерімен келісу;
2. 2025 жылға жоспарланған жобалармен келісу.

Хабарламашы: кент әкімі А.Досмуратов

Қарсы, қалыс жоқ, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс регламенті бойынша хабарламашыға – 15 минут, сұрақ, сауал қоюшыларға, ұсыныс, пікір айтушыларға – 2 минут уақыт бекітілді.

Қарсы, қалыс жоқ, регламент бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты кент әкімі А.Досмуратов хабарлама жасады.

-Жосалы кенті аудан халқының 40 пайызы қоныстанған, 141 көшесі бар, қарамағында Қорқыт, Диірментөбе елді мекендері кіретін, аумағы 6780 гектар жерді алып жатқан ірі елді мекен.

Осы аймақтың тазалығын, көркейту, көгалдандыруы және абаттандыруды қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін күнделікті жұмыс жүргізілуі тиіс.

Осы ретте, көшелердің тазалығы, саябақтарды жөндеу, ағаштар мен бордюрлерді әктеу, талдарды балақтау, көшет отырғызып, оны күтіп-баптау, көше аралық жолақтар мен жаяу жүргінші жолдарын ай сайын жаңалап сызу сияқты кезек күттірмейтін жұмыстар қомақты қаржыны қажет ететінін білесіздер.

Мәселенің маңыздылығын назарларыңызға жеткізе отырып, аудан орталығының келбетін, тазалығын қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін 4000 АЕК-ке

дейінгі суммадағы жұмыстарды бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы игеруге Сіздердің келісімдеріңізді сұраймын.

Сонымен қатар, 2025 жылы көшелерді жөндеу, жарықтандыру, абаттандыру бағытында жасалған жобаларымыз. Егер осы жасалған жобаларымыз тиісті бюджеттерден қолдау тапса, жақсы жағдайдағы көшелердің үлесі артып, түнгі жарық жүргізілген көшенің үлесі 95 пайызға дейін жететін болады.

(Жобалардың тізімі хаттамаға қоса жалғанды)

Шығып сөйлеушілер:

А.Мереков – кент тұрғыны, қоғамдастық мүшесі.

-Бүгінгі жиналыста өте орынды мәселелер қозғалып отыр. Жосалы кентінің тыныс-тіршілігін жақсарту, заман талабына сай абаттандыру үшін өзіміздің бюджетімізге түскен қаржының 4000 АЕК-ке дейінгі жұмыстарды бір көзден сатып алу тәсілі оңтайлы әрі тиімді деп есептеймін және қолдаймын.

Қаржаубаев Алмас – кент тұрғыны, қоғамдастық мүшесі.

-Жосалы кентінің келбеті, көшелері мен түнгі жарығы жылдан жылға жақсарып, жаңарып келеді. Дегенмен, әлі де жөнделуге тиісті көшелер бар. Сондықтан, көшелерді асфальттау, жарықтандыру, абаттандыру бағытында жасалған жобалардың іске асырылуына қолдау білдіреміз.

Бұл пікірлерді қоғамдастық жиналысына қатысқан адамдар бір ауыздан қолдап, қуаттады.

Дауыс беру қорытындысы:

Қолдағандар - 25

Қарсы -0

Қалыс-0

Жосалы кенті жергілікті қоғамдастық жиналысы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жосалы кенті әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 4-ші деңгейлі бюджетінің 4000 АЕК-ке суммадағы жұмыстарды бір көзден сатып алу тәсілін қолдану арқылы игеруге қоғамдастық өкілдерінің келісім берілсін.

2. 2025 жылы көшелерді жөндеу, жарықтандыру, абаттандыру бағытында жасалған жобаларға келісім берілсін.

Жиналысты төраға Е.Ұзақбаев қорытындылады.

Жиналыс төрағасы: **Е.Ұзақбаев**

Жиналыс хатшысы: **Р.Әбдірахманов**

2025 жылдың 10 қаңтар күні сағат 10.00-де Жосалы кенті әкімі аппараты КММ-нің мәжіліс залында өткізілген Жосалы кенті жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысқандар тізімі

р/с	Тегі, аты-жөні
1.	Ұзақбаев Ерболат Табанұлы
2.	Құлдуйсенов Әбдірахман
3.	Айдыналиев Бағлан
4.	Төлепов Қанибек
5.	Қарақұлов Бақтыбай
6.	Қауысов Смағұл
7.	Тоқтаров Ерсін Жаханұлы
8.	Алмұғамбетов Ахметқали Мырзабекұлы
9.	Қыпшақбаев Мұхит Әбдіғапбарұлы
10.	Нақыпов Мирхан Жұмаханұлы
11.	Сариев Орынбасар
12.	Назарқұлов Есет
13.	Ақәділов Серғали
14.	Сырманов Сейітхан
15.	Жұмабаев Бекберген
16.	Кәріқұлов Бердібек
17.	Қаржаубаев Алмас
18.	Мереков Асқар
19.	Ыбраев Ғабит
20.	Әлиев Мағауия
21.	Сүлеев Қуаныш
22.	Қайнарбаев Сабыр
23.	Төреев Қуаныш
24.	Молдабаев Қанибек
25.	Сәнеев Сәбит